

«Әжем айтқан ертегі» ХАТТАМА

Тақырыбы: «Әжем айтқан ертегі» челленджі

Өткізілген күні: 19.01.2026 жыл

Мақсаты: Балалардың тілін дамыту, кітап оқуға қызығушылығын арттыру, әжелер мен немерелер арасындағы қарым-қатынасты нығайту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

Барысы:

«Әжем айтқан ертегі» челленджі аясында ата-аналар мен әжелер балаларға ертегі оқып беру сәттерін бейнеролик түрінде жолдады. Челленджге топ тәрбиеленушілері белсенді қатысып, өз әжелерімен бірге қазақ халық ертегілерін және танымдық шығармаларды тыңдады.

Бейнероликтер арқылы балалардың ертегіге деген қызығушылығы артып, сөздік қорының дамуына, байланыстырып сөйлеу дағдыларының қалыптасуына ықпал жасалды. Сонымен қатар, іс-шара барысында отбасы құндылықтары мен үлкенді құрметтеу дәстүрі насихатталды.

Қорытынды:

«Әжем айтқан ертегі» челленджі өз деңгейінде өткізілді деп есептелсін.

Челленджге қатысқан ата-аналар мен әжелерге алғыс білдірілсін.

Балалардың көркем әдебиетке қызығушылығын арттыру мақсатында осындай онлайн іс-шаралар жалғастырылсын.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу және отбасы тәрбиесін нығайту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.

Менгеруші:  Н.А.Байхатова

Әдіскер:  А.Е.Уаепова



